

Есеп

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған сәбилер үйі» КММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің 2026 жылғы 1 тоқсанда атқарған жұмысы туралы

Есепті кезеңде (2026 жылғы 1 тоқсан) Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған сәбилер үйі» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің (бұдан әрі – Мекеме) қызметі 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын іске асыруға бағытталды.

Комплаенс-қызметтің жұмысы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №122 «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

Есепті кезеңде іс-шаралар 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

2026 жылғы 1 тоқсанға арналған ішкі іс-шаралар жоспары келесі бағыттарды қамтыды:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есептерді ресми интернет-ресурста орналастыру;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар туралы ақпаратты орналастыру;
- қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі нұсқаулықты түсіндіру бойынша сабақтар өткізу;
- сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған профилактикалық сабақтар өткізу.

Жоспарда көзделген барлық іс-шаралар толық көлемде орындалды.

Атқарылған жұмыстарға қысқаша талдау

1. Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі ай сайын ресми интернет-ресурста сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есептерді орналастырып отырды.

2. Есепті кезеңде тұрақты негізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеуге бағытталған іс-шаралар туралы ақпарат орналастырылды.

3. Бекітілген жоспарға сәйкес Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізілді. Аталған іс-шаралар аясында қызметкерлерге заңнама нормалары мен ішкі нұсқаулықтарды түсіндіру бойынша сабақтар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған профилактикалық сабақтар өткізілді. Нәтижесінде қызметкерлердің кәсіби қызметінде ашықтық, адалдық және заңдылық қағидаттарын сақтауына ықпал ететін қажетті білімдері қалыптастырылды.

4. Есепті кезеңде уәкілетті тұлғалардың қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану қағидаларын сақтауына бақылау жүргізілді. Лауазымдық нұсқаулықтарға Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасы талаптарына сәйкестігіне талдау жасалды.

5. Мекеме қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар ету мақсатында ресми сайтта тұрақты негізде тиісті ақпарат, нормативтік құқықтық актілер және ішкі құжаттар орналастырылып отырады.

6. Есепті кезеңде комплаенс-қызметке, оның ішінде «жедел желі» және электрондық пошта арқылы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі Мекеме басшылығымен өзара іс-қимыл негізінде үйлестіріледі. Жүйелі жұмыс жүргізілуде, уәкілетті органмен әдістемелік және консультациялық қолдау көрсету бағытында тиімді өзара іс-қимыл жолға қойылған.

Комплаенс-офицер



М.М. Жарылгапов